

Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 қаңтар N 30. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.08.15. N 1261 ~P971261

"Мемлекеттік баж салығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 14 қыркүйектегі N 151-ХІІІ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі облыстық (қалалық) басқармалар және жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік бағалау мен тіркеу тәртібі туралы ұсынылып отырған Үлгі ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының, басқару органдары қызметкерлерінің жалпы саны мен қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 қыркүйектегі N 1092 қаулысының N 6 қосымшасы "Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі басқарма" сөзімен толықтырылсын.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері: толық шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру шартында әкімдердің жанынан жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі басқармалар ұйымдастыру мәселелерін шешуге жәрдем көрсетсін;

ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей жеке адамдардың мүлкіне салынатын салықтан түскен сомадан жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі басқармалардың есепшотына оларды ағымда ұстауға қажетті аударымдар жасасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы жеке адамдардың мүлкіне (үйлер, саяжайлар, гараждар және басқа құрылыстар) салықты есептегенде және жылжымайтын мүліктер мен мәмілелерден мемлекеттік баж салығын ұстағанда, жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі басқармалар берген актілерді басшылыққа алатын болсын.

5. Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі

жұмыстарды жүргізу үшін Алматы облыстық әкімшілігінің жылжымайтын

мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі басқармасы әзірлеп,
патенттеген бірыңғай жүйесі енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының
орындалуына бақылау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 10 қаңтардағы

№ 30 қаулысымен

Бекітілген

Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу
жөніндегі облыстық (қалалық) басқарма туралы
ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі облыстық (қалалық) басқарма (бұдан әрі - басқарма) облыс (қала) аумағында жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік бағалау мен тіркеуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын орган болып табылады.

2. Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, облыс (қала) әкімдерінің қаулыларын, жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік бағалау мен тіркеудің Тәртібін, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Басқарма өз қызметін толық шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру жағдайында, сондай-ақ жеке адамдардан алынатын салық сомасынан аударымдар есебінен жүзеге асырады.

4. Басқарма мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

дайын және аяқталмаған тұрғын үй құрылыстарын немесе олардың бір бөлігін бағалау мен тіркеу;

әлеуметтік инфрақұрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін бағалау мен тіркеу;

өнеркәсіп объектілерін бағалау мен тіркеу;

өзге де жылжымайтын объектілерді бағалау;

конъюнктуралық зерттеулер жүргізу, жылжымайтын мүліктер нарығына шолулар даярлау;

инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, құрылыстар және жылжымайтын

мүліктерді сату саласында ақпарат базасын және коммерциялық ақпараттың бірыңғай жүйесін құру;

оқу, әдістемелік, ғылыми және анықтамалық әдебиеттер шығару;
сертификаттар алған адамдардың есебін жүргізіп, санын анықтау;
бағалаудың стандарттары мен жылжымайтын мүліктерді бағалаушы этикасының Кодексіні жасау, қолдау және өмірге енгізу.

5. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін басқарма:

жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік бағалау мен тіркеу мәселелері бойынша меншік нысандарына қарамастан кез келген құрылыс объектілерінде, ұйымдар мен кәсіпорындарда еш кедергісіз болуға;

мемлекеттік бағалау мәселелері бойынша статистикалық есеп органдарынан ақпараттар сұрауға және алуға;

лицензия иегері ретіндегі мәртебелерін сақтауын тексеру үшін жылжымайтын мүліктерді бағалаушылардың қызметіне бақылауды жүзеге асыруға;

кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік бағалау мен тіркеу мәселелері бойынша, сондай-ақ басқармаға жүктелген міндеттерді шешуге қатысты өзге де мәліметтерді алуға;

жылжымайтын мүліктерді бағалау талаптарын бұзған заңды ұйымдар мен жеке адамдар жөнінде ұсыныстар енгізуге;

кәсіби мәселелерді шешуде мемлекет қолдауын пайдалануға;

жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі қажетті құжаттарды әзірлеуге мамандандырылған кәсіпорындар мен ұйымдардың сарапшыларын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

6. Басқарманы басқарма бастығы басқарады, оны облыс (қала) әкімі тағайындап, босатады.

7. Басқарма дербес заңды ұйым болып табылады, оның дөңгелек мөрі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған бланкілері болады.

8. Басқарма жылжымайтын мүліктерді бағалау және тіркеу жөніндегі қажетті аудандық агенттіктер құрады.

9. Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жөніндегі аудандық агенттіктердің бастықтарын аудандық (қалалық) әкімшіліктердің келісуі бойынша облыстық (қалалық) басқармалардың бастықтары тағайындайды.

10. Басқарма бастығы:

басқарманың жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, осы Ережеге сәйкес белгіленген міндеттер мен қызметтерді орындау жөнінде жеке жауапкершілікте болады;

өзінің орынбасарының, бөлім бастықтарының және басқарманың аудандық агенттіктері бастықтарының жауапкершілік дәрежесі мен міндеттерін белгілейді;

барлық мемлекеттік ұйымдарда ерекше сенім хатсыз-ақ басқарманың мүдделерін қорғайды;

басқарманың мүлкіне, қаржы-қаражатына ие болу, пайдалану және басқару құқына ие, сенімхаттар береді және банкілерде есеп айырысу шоттарын және басқа да шоттарды ашады, қаржы тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;

басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындайды және босатады;

басқарманың шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мен шаруашылық есебінің экономикалық нормативтерін бекітеді;

басқарманың аудандық агенттіктерінің қызметі туралы есептерді қарайды және бекітеді;

өзінің құзыры шегінде басқарманың аудандық агенттіктері үшін орындалуы міндетті бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 қаңтардағы
N 30 қаулысымен
Бекітілген

Жылжымайтын мүліктерге мемлекеттік бағалау
мен тіркеу жүргізудің
ТӘРТІБІ

Жылжымайтын мүлік - бұл үстіндегі кеңістік пен жер қойнауындағыларды қоса алғанда жер учаскесін жетілдіру, орнын ауыстыру оның мақсатына орай өлшемдес залал келмеуі мүмкін емес жер учаскесі.

1. Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік

бағалау мен тіркеу салық салу, ипотекалық кредиттеу, жылжымайтын мүліктерді сақтандыру, сату - сатып алу және басқа да мақсаттар үшін олардың санын, нақтылы бағасын және заңды ұйымдар мен жеке адамдардың жылжымайтын мүлікке қатысты құқын анықтау үшін жүргізіледі.

2. Салық салу үшін жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу жүргізгенде басқарма мемлекеттік салық инспекциясына:

салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТТН);
бағалау актісінің нөмірі;
жылжымайтын мүлік объектісінің атауы;
кәсіпорынның атауы (заңды ұйымдар үшін);
жылжымайтын мүлік иесінің толық аты-жөні;
жылжымайтын мүлік объектісінің мекен-жайы;
жылжымайтын мүлік объектісінің жалпы еселік құны көрсетілген ақпарат береді.

3. Салық салу мақсатында жылжымайтын мүлікті бағалау жөнінде

атқарылған жұмыс үшін салық төлеушіден ақы алынбайды.

4. Сату-сатып алу, сыйға тарту, кепілдікке беру және басқа да мәліметтер үшін жылжымайтын мүлікті бағалау жағдайында мынадай тәртіпті сақтау қажет;

тапсырыс берушінің объектінің атауын, орналасқан жерін және бағалау мақсатын міндетті түрде көрсеткен хатты (өтінішті) табыс етуі;

меншік құқын немесе бағаланатын объектіге келісімін растайтын құжаттардың болуы;

объектіні орналасқан жеріне барып көру;

жылжымайтын объектіні бағалауды орындау жұмысына үлгі шарт жасасу;

жылжымайтын мүлікті бағалау жұмысын орындау;

тапсырыс берушіге бағалау актісін табыс ету.

5. Жылжымайтын мүлікті бағалау жұмыстарын орындағаны үшін тапсырыс

беруші жасалған шартқа сәйкес ақы төлейді.

6. Жылжымайтын мүліктерді бағалау жөніндегі акт екі дана етіп жасалып, оның біреуі орындаушыда үш жыл бойы сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК